

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Ж. Түймебаев

Қазақ графикасы мен орфографиясы

Астана - 2005

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігі

Қазақ графикасы мен орфографиясы
(Арнаулы семинар бағдарламасы)

*Жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті
бөлімдерінің студенттеріне арналған*

Астана - 2005

ББК 81.2 Қаз -923
Т 87

Ғылыми жинақты баспаға Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
Ғылыми кеңесі ұсынған

филология ғылымдарының кандидаты,
профессор **Ж.Қ. Түймебаев**

Т 87 Қазақ графикасы мен орфографиясы арнаулы семинар
бағдарламасы. Жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті
бөлімдерінің студенттеріне арналған

ISBN 9965-662-97-5

Аталған арнаулы семинар бағдарламасында қазақ графикасы
мен орфографиясының мәселелеріне тақырыптар бойынша
тоқталып, әрбір тақырыптарға байланысты әдебиеттер көрсетілген.
Студенттерге қандай тақырыпта, қай бағытта жұмыстар жазып,
дайындау барысында көмекші құрал ретінде берілген.

ББК 81.2 Қаз -923

Т 4602020400
00 (05)-05

ISBN 9965-662-97-5

© Ж. Түймебаев

Қазақ графикасы мен орфографиясы

/арнаулы семинар/

Г Р А Ф И К А

Жазу және оның маңызы.

Қатынас құралының ауызекі және жазба түрлері. Ұқсас жақтары мен ерекшеліктері. Жазба тілдің артықшылықтары.

Уақыт және кеңістікке қатынасы.

Жазудың адамзат тарихындағы ролі. Жазудың негізгі мақсаты. Оған қойылатын шарттар. Жазудың түрлері.

Зат жазуы /бирка, вампум, кипу/.

Пиктография. Суретті жазуды түрліше ұғынуға болатындығы.

Идеография /логография/.

Фонография. Екі түрі. Буын жазуы. Пайда болу кезеңі. Ерекшелігі. Дыбыстық-әріптік жазу. Шыққан жері. Алғашқы қолданысы. Басқа жазу түрлерінен артықшылығы. Маңызы. Таралуы. Жетілуі.

Графика ұғымы. Графика терминінің беретін мағыналары. Графиканың объектісі. Мақсаты. Графикаға қойылатын талаптар.

Қазақ графикасының принциптері.

Алфавит. Пайда болуы және таралуы.

Алфавиттер қатысы, ұқсастығы. Бір халықтың екінші халық алфавитін қабылдау жағдайлары. Алфавит өзгеруінің себептері, салдары.

Түркі тілдері алфавиттерінің ерекшеліктері.

Алфавитке қойылатын талаптар.

Қазақ алфавитінің даму сатылары. Араб, латын алфавитінің қазақ тілі үшін кемшіліктері.

Қазіргі қазақ алфавиті. Оның орыс графикасына негізделгендігі. Орыс алфавитінің кириллица деп аталған көне славян азбукасының өңделген түрі екендігі.

Алфавит құрамы. Әріптердің орналасу тәртібі. Оның қазақ алфавитіндегі тарихы. Әріптердің орын тәртібінің маңызы.

Әріп аттары. Оның қазақ алфавитіндегі көрінісі. Әріп аттарының грек, рим, кирилл алфавиттеріндегі аталуы. Жазудың дамумен бірге атауларының өзгеруі. Себептері. Әріп атауының оқу-үйрену жүйесіне әсері.

Әріптердің таңбалайтын дыбыс түрлеріне қарай бөлінуі.

1. Комплексті /ортақ белгілері бойынша аталуы/.

2. Индивидуалды /дыбысталуына сай аталуы/.

Әріптер мен дыбыстар арасындағы ара қатынас.

Бір графикалық белгінің түрлі тілдерде қолданылуы. Графиканың негізгі мәселесі /әріптің дыбысқа қатысы/. Бір әріптің түрлі тілдерде түрліше дыбыстарды белгілеуі. Әріптің дыбыс өзгешеліктерінің барлығын көрсете алмауы. Әріп пен дыбыс арасындағы айырмашылықтар. Әріптің дыбысқа қатысының ерекшеліктері.

Алфавит үнемділігі.

Үндестік заңы және графика.

Әріптен басқа графикалық белгілер, түрлері.

О Р Ф О Г Р А Ф И Я

Орфография ұғымы. Орфографияның басты мәселелері.

Орфографиялық норманы сақтаудың маңызы. Қазақ орфографиясының алғашқы қадамдары. Қазіргі қазақ орфографиясы. Оның міндеттері. Орфографияға 1957 жылы енгізілген өзгерістер.

Орфография және графика. Ара қатынасы. Орфографияның жетілуінің алфавиттер өзгеруімен байланысы.

Орфографияға қойылатын талаптар. Орфографияның тілдік жүйенің түрлі қырларын қамтитындығы.

Түркі тілдер орфографиясының негіздеуді және анықтауды қажет ететін өзекті мәселелері.

Орфограмма. Орфография принциптері.

Тарихи /дәстүрлі/ принцип. Ерекшелігі.

Фонетикалық принцип. Мәні. Жетістігі және кемшілік жақтары. Бұл принцип негізіндегі жазулар. Фонетикалық принциптің қазақ жазуындағы көрінісі. Қосымшалар мен түбір сөздердегі қолданысы.

Морфологиялық принцип. Мақсаты. Тарихы. Қазақ орфографиясындағы көрінісі. Жетістік жақтары. Маңызы.

Орфография және ассимиляция. Ара қатысы.

Орфография және сингармонизм. Байланысы.

Морфологиялық және фонетикалық принцип. Өзара байланысы. Орфографияның негізгі принциптерін белгілеудің маңызы. Қазіргі қазақ орфографиясының негізгі фонетика-морфологиялық принцип екендігі.

Орфография қарастыратын мәселелер.

Транскрипция және транслитерация.

І. Дауыстылардың жазылуы

Ж, Ш дыбыстарынан кейін **Ә** естілетін кей жағдайларда **А** дыбысының жазылуы. Алғашқы буындағы жіңішке дауыстың әсерімен келесі буында **Ә** болып естілетін орындарда **А** әрпінің жазылуы.

Ә әрпінің екінші буындарда естілуінше жазылуы. **О, Ө, Ұ, Ү** әріптерінің көбіне алғашқы буыны мен бір буынды сөздерде жазылуы. Алғашқы буындағы **О, Ө, Ұ, Ү** дыбыстарының әсерімен еріндік болып естілетін **Ы, І, Е** дыбыстарының жазылуда сол езулік күйінде сақталуы. **Ы, І** дыбысының үш буынды сөздер ортасында келуі. Соңғы буындағы **Ы, І** әріптерінің дауыстыдан басталған қосымшалар жалғанғанда түсіп қалатын және сақталатын жағдайлары.

Л, Р дыбыстарының алдында келгенде **Ы, І** әріптерінің жазылу, жазылмауы. **У** әрпінің жазылуы. Оның үш түрлі қызметі. **И** әрпінің жазылуы. Қосарлы және дара дыбыстарды таңбалауы. **Ю** әрпі жазылмай, **ИҮ, ЙҮ** әріптері жазылатын жерлер.

ІІ. Кейбір дауыссыздардың жазылуы

Ф, Х, Ц, Ч, Ъ, Ь әріптерінің негізінен, орыс тілінен енген сөздерде жазылуы. **Б, В, Г, Д** дыбыстарына негізінен, орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы енген сөздердің аяқталуы. **Г** әрпінің сөздің басы мен ортасындағы ғана жазылуы. **Й** әрпінің **Ы, І** дыбыстарынан басқа /**тый, сый** сөздерін қоспағанда/ дауыстылардан кейін ғана жазылатындығы. **Й** әрпінің қазақ тілінде толық **И** әрпінен кейін жазылмайтындығы.

III. Түбір сөздердің жазылуы

Түбір сөздердің негізгі тұлғаларының өзгертілмей жазылуы.

Орыс тілінен енген атау сөздердің орыс орфографиясы бойынша өзгертілмей жазылуы. Орыс тілінен еніп, қалыптасып кеткен бірқатар сөздердің өзгерген күйінше жазылуы. Орыс тілінен енген кейбір сөздердің ықшамдалған түрінде жазылуы. Араб, иран және түркі тілдері тобынан енген сөздердің естілуінше жазылатындығы.

IV. Бөлек жазылатын сөздер

Анықтауыш пен анықталушы сөздер тіркестеріндегі сөздердің бөлек жазылуы. Күрделі сан есімдердің, күрделі сын есімдердің әрбір сөзінің бөлек жазылуы. Күрделі етістіктердің әрбір сыңарының бөлек жазылуы. Күрделі тізбектердің, тұрақты тіркестердің әрбір сөзінің бөлек жазылатындығы.

V. Бірге жазылатын сөздер

Тұлғасы өзгеріп, кірігіп кеткен сөздердің бірге жазылуы. Географиялық атаулардың, кісі аттарының, ғылыми атаулар мен терминдердің, негізінен, түбір тұлғасы сақталынып, біріккен сөз болуы. **ӘР, ЕШ, КЕЙ, ӘЛДЕ, ҚАЙ, БІР** сөздерінің есімдік, үстеу сөздермен тіркесіп келгенде, түбір тұлғаларының сақталып бірге жазылуы.

Бір сыңары /кейде екі сыңары да/ мәнсіз, екінші сыңары мәнді сөздердің бірге жазылуы.

VI. Дефис арқылы жазылатын сөздер

Қос сөздердің барлық түбірінің дефис арқылы жазылуы. Тең мағыналас болып, арасына **және** шылауын кірістіруге болатын күрделі сөздердің дефис арқылы жазылуы. Қосарлы айқындауыштардың арасына дефис қойылып жазылуы. Күрделі өлшеу атауларының, бағытты білдіретін күрделі сөздердің, күрделі жалқы есімдердің дефис арқылы жазылуы.

VII. Қысқарған сөздердің жазылуы

Жеке сөздердің басқы әріптерінен құралған аббревиатуралардың жазылуы. Алдыңғы сөздің басқы буыны мен одан кейінгі сөздердің алғашқы әріптерінен құралып қысқарған сөздердің жазылуы. Буындардан және буын мен тұтас сөз араласып қысқарған сөздердің кіші әріптермен бірігіп жазылуы. Қысқарған сөздерге қосымшаның соңғы әріптің немесе соңғы буынның айтылу әуеніне қарай жалғанып, дефис арқылы жазылуы.

VIII. Қосымшалардың жазылуы

Қосымшалардың сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбысқа байланысты буын үндестігі бойынша жалғануы. Қазақ тілі қосымшаларының орыс тіліне енген соңғы буынында **У** дыбысы бар сөздерге жуан, ал соңғы буынында **И** дыбысы бар сөздерге жіңішке жалғануы. Сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарамай

жалғанатын қосымшалар. Фамилия жасайтын қосымшалардың жалғану тәртібі. **-Ов, -ев** жұрнағы арқылы жасалған фамилияларға қосымшаның жалғануы. Соңғы буынында **Ә** әрпі бар немесе екі дауыссыз арасында **Я** дыбысы келетін және **Х** дыбысына аяқталатын сөздерге қосымшалардың жалғануы. Орыс тілінен енген, соңғы буынында дауыстысы бар **К, Г** дыбыстарына аяқталған сөздерге қазақ тілі қосымшаларының буын үндестігіне қарай жалғануы. **РК, РГ, СК, КТ, НКТ, КС, ЛК, НГ, НК** дыбыстар тіркесіне біткен сөздерге қазақ тілі қосымшаларының жіңішке жалғануы. Жіңішкелік белгісіне **/ь/** аяқталған көп буынды сөздерге қазақ тілі қосымшаларының буын үндестігі бойынша жалғануы.

Кль, брь, бль тіркестері мен жіңішкелік белгісіне аяқталған бір буынды сөздерге қосымшалардың жіңішке жалғануы.

Соңғы буындағы екі дауыссыз арасында **Ю** дыбысы бар орыс тілінен енген сөздерге қосымшалардың жіңішке жалғануы. Қосымшалардың дыбыс үндестігі бойынша жалғануы. **НД, МП, НК, СК, КТ, ФТ, ПТ, МТ, НГ, МБ** тіркестеріне аяқталған сөздерге қазақ тілі қосымшаларының **Ы, І** дәнекер әріптері арқылы жалғануы.

СС, ЛЛ, ММ, ТТ, ПП, СТ, КСТ, СТЬ, ЗД дыбыстарына біткен сөздерге қазақ тілі қосымшаларының жалғануы. Орыс тілінде **Л** дыбысынан кейінгі келетін жіңішкелік белгісінің қазақ тілінде жазылу-жазылмау жағдайы.

Сан есімдерге жалғанатын қосымшалардың жазылуы. Дефис қойылатын, қойылмайтын жағдайлар. Объект болып тұрған жеке әріп, буын сөздерге қосымша-

ларының дефис арқылы жалғануы. -ЛА, -ЛЕ жұрнағы жалғанған туынды сөздердегі -ША, -ШЕ жұрнақтарының жазылуы.

IX. Шылаулардың жазылуы

Шылаулардың негізінен бөлек жазылуы. **Ақ, ай, мыс /міс, ды, ді, ты, ті/** шылауларының өздерінен бұрынғы сөз-дерден дефис арқылы бөлініп жазылуы.

Шылаулардың түбір мен қосымша арасында келгенде жазылуы.

X. Одағайлардың жазылуы

Одағайлардың, негізінен, естілуінше жазылатындығы. Одағайлардың қайталанып немесе созылыққы айтылған жағдайларында дефис арқылы жазылуы.

XI. Бас әріптің қолданылуы

Сөйлемнің бірінші сөзінің, төл сөздің бас әріптен басталып жазылуы. Цитаттың бас әріптен басталып жазылу-жазылмау жайлары. Жалқы есімдердің бас әріппен жазылуы. Барлық сөздері бас әріптен басталып жазылатын атаулар. Алғашқы сөзі бас әріптен басталып жазылатын атаулар. Олардың қазақ және орыс тілдеріндегі көрінісі. Тырнақшаға алынған атаулардың бас әріптен жазылуы. Сөздердің бірінші әріптерінен қысқарған сөздердің бас әріппен жазылуы.

XII. Тасымал

Буын жігімен тасымалдау. Дауыстылардан кейін келген **У, Ы** дыбыстарын тасымалдағанда, буынның

бірінші әрпі болу жағдайы. Түбір сөзде үш дауыссыз қатар келгендегі дауыссыз дыбыстардың тасымалдануы. Тасымалдауға болмайтын жағдайлар.

XIII. Араб-парсы тілдерінен енген сөздердің орфографиясы

Араб-парсылық қазақ тілінің айтылу заңдарына бейімделгенде, түпнұсқа тілдегі дыбыстарға жуық фонемалармен алмастырылуы. **Б-п, қ-х** дыбыстарының алмасуы арқылы пайда болған варианттардың жазылуы. Екі сыңары да өдеби нормаға айналған сөздер.

Д-т дыбыстарының алмасуы туындаған жарыспалы сөздердің жазылуы.

Әдебиеттер тізімі

1. *Аманжолов С.А.* Орыс алфавитіне негізделген казактың жаңа алфавиті мен орфографиясы. Проект. /КК/ 6/П Орталық Комитеті жанындағы жаңа алфавит ұйымдастыру комитеті қабылдаған/. Алматы, 1940.

2. *Аманжолов С.А.* Қазақ алфавиті мен орфографиясының кейбір мәселелері жөнінде. — “Социалистік Қазақстан”, 1957, 30 март.

3. *Андамасов Ж.* Қазақша ең жаңа әліппе. Уфа, 1912.

4. Әліппе мен емледегі жаңалықтар жобасы. — “Социалистік Қазақстан”, 1934, 14 июнь.

5. *Балакаев М.* Вопросы казахской графики и орфографии. А., 1957.

6. *Балакаев М.* Қазақ тілінің мәдениеті, А., 1971.

7. *Балакаев М.* Емле сөздігі. А., 1948.

8. *Баскаков Н.А.* Проблема совершенствования и унификации алфавитов тюркских языков народов СССР. — Проблемы современной тюркологии. А., 1976.

9. *Басымов Х.* Жаңа әріп пен жаңа емле және дыбыстарымыздың жіктері. А., 1932.

10. *Бегалиев Ф.* Жаңа алфавит /Жаңа алфавит пен орфографияның өз бетімен үйренушілерге арналған оқу құралы/. А., 1941.
11. *Бейсин И.* Қазақша дұрыс жазу қағидалары. Қазан, 1914.
12. Вопросы развития литературных языков народов СССР в советскую эпоху. А., 1964.
13. Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР. Москва, 1972.
14. *Добльховер Э.* Знаки и чудеса. Москва, 1961.
15. *Жәркешева Г.* Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігі. А., 1960.
16. *Жолымбетов Қ.* Қазақ орфографиясын игерудің негіздері. А., 1975.
17. *Жұбанов Қ.* Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А., 1966.
18. Закономерности развития литературных языков народов СССР в советскую эпоху. Москва, 1969.
19. *Истрин В.А.* Возникновение и развитие письма. Москва, 1965.
20. Қазақ тілінің орыс графикасына негізделген жаңа алфавиті мен орфографиясы. А., 1941.
21. Қазақ тілінің орфографиясының негізгі ережелері. А., 1957.

22. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. А., 1963, 1978.
23. Қалиұлы Б. Қазақ орфографиясындағы қайшылықтар. А., 1994.
24. Кондратов А. Книга о букве. Москва, 1975.
25. Лукотка Ч. Развитие письма. Москва, 1965.
26. Моисеев А.И. Буквы и звуки. Л., 1969.
27. Мусаев К.М. Алфавиты языков народов СССР. М., 1965.
28. Оралбаева Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының негіздері. А., 1968.
29. Орфография тюркских литературных языков СССР. М., 1973.
30. Өрелі өнер. А., 1976.
31. Первый всесоюзный тюркологический съезд. 26 февраля - 5 марта 1926. Стенографический отчет. Баку, 1926.
32. Развитие казахского советского языкознания.
33. Сөз өнері. А., 1978.
34. Сыздыкова Р. Вопросы развития казахского правописания. — “Вопросы казахской филологии”. А., 1964.

35. *Сыздықова Р.* Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш. А., 1960, 1974.
36. *Сыздықова Р.* Емле және тыныс белгілері. А., 1966.
37. *Сыздық Р.* Қазақ тілінің анықтағышы (Емле, тыныс белгілері, сөз сазы). Астана, Елорда, 2000.
38. *Сыздық Р.* Орфографиялық нормалану // тілдік норма және оның қалыптануы. Астана. 2001. 178-191.
39. Тіл мәдениеті және баспасөз. А., 1972.
40. *Уәлиұлы Н.* Орфография // қазақ тілі энциклопедиясы. А., 1998.
41. *Убрятова Е.Е.* Вопросы графики и орфографии народов СССР, пользующихся алфавитами на русской основе. – “Вопросы терминологии”. М., 1961.
42. *Уәлиев Н., Алдашева А.* Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. А., 1988.
43. *Успенский Л.В.* По закону буквы. М., 1973.
44. *Фридрих И.* История письма. М., 1979.
45. Емлесі қиын сөздер (Н. Уәлиевтің редакторлығымен). А., 2000.
46. *Күдерінова Қ.* Құрама сөздер және олардың емлесі // Р. Сыздық. Тілдік норма және оның қалыптануы. А., 2001. 200-228.

Қазақ графикасы мен орфографиясы
(Арнаулы семинар бағдарламасы)

Жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті
бөлімдерінің студенттеріне арналған

Басуға 01.03.2005. Қол қойылды.
Пішімі 60x84/16. Шартты баспа табағы 1,0.
Офсеттік басылым. Таралымы 500 дана.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет баспасы.
Астана қаласы, Қ. Мұңайтпасов көшесі, 5.